

М. Құрманбаев, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Кемпірова, криминалистика кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ГЕНОТИПОСКОПИЯЛЫҚ САРАПТАМА: ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДА ЖҮРГІЗУ ТАКТИКАСЫ

Құқықтық мемлекеттің даму жағдайында сот ісін жүргізу міндеттері дәлелдемелер ауқымын кеңейту, істерді тергеу мен сот қарауының сапасын көтеру, іс жүргізу дәлелдеуінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін аса маңызды рөл атқаратын арнаулы білімдерді тек кеңінен және белсенді пайдалану кезінде ғана шешілуі мүмкін.

Қылмыстық сот ісін жүргізу аясындағы соттар мен құқық қорғау органдарының қызметіне сәйкес, қылмыстардың сапалы түр өзгеруімен, қылмыскерлердің кәсіби деңгейінің өсуімен, олардың қазіргі замандағы ғылыми-техникалық жетістіктерді және оларға барабар қарсы әрекетшараларын талап ететін жаңа ұйымдастырушылық нысандарды қолданумен, сондай-ақ сот талқылауы сатысында өзгеру үрдісі бар айыпталушылардың, жәбірленушілердің, куәлардың дәлелдемелік ақпарат көзі ретіндегі рөлінің төмендеуімен байланысты болып отыр¹.

Құқық қолдану тәжірибесіне талдау жасауда сот ісін жүргізуде арнаулы білімді пайдалану осы институтқа қойылатын қазіргі талаптарға толық көлемде сай келмейтіндігін айғақтайды.

Сот-сараптамасының арнаулы білімін пайдаланудың негізгі нысанының басты кемшілігі оның мүмкіндіктерін азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерін қарау кезіндегі шектеулілігі. Көптеген сарапшылық зерттеудің нәтижелері істің нәтижесіне елеулі әсерін тигізе қоймайды.

Соттар мен құқық қорғау органдары іс жүргізу заңнамасының талаптарын толық көлемде орындамайды, сараптаманы тағайындаудың негізгі ұйымдастырушылық және әдістемелік принциптерін, нәтижелерді бағалау мен пайдалануды бұзу жайлары бар. Сот-сараптамасының қазіргі потенциялы бірқатар істер санаттарын қарау кезінде толық көлемде пайдаланылмайды.

Сот ісін жүргізуде арнаулы білімді қолдануда мәні бойынша екінші тұрған іс жүргізу іс әрекеттерінің сапасын көтеруге арналған маманның көмегі, ол да тиімді пайдаланылмайды. Оны практикалық іс асыру маманды іске тарту мақсаты бұрмаланатын, заңның едәуір ауытқушылықпен жүргізіледі. Маман мен сарапшының функцияларын араластыруға жол беріледі.

Қылмыстарды тергеудегі тәжірибеде құқық қорғау органдарының ғылыми техникалық прогрестің жетістігінің үлкен маңызы бар. Қылмыстарды тергеудегі өте ауыр сұрақтарды қылмыстық іс жүргізудің арнайы білімдерімен шешу жатады.

Арнайы білімдердің қалыптасу тарихы ауыр және ұзақ. Оның қалыптасуына тек қана заңдылық емес, сонымен бірге ғылымның дамуы да әсер етті.

Соңғы жылдары сот талқылауында әртүрлі бағыттағы ғылым, техника, қылмыстарды ашу мен тергеудегі өнер, арнайы білімдерді қажет ететін сұрақтарды шешу қажет. Осындай жағдайларда тергеушілер, судьялар, жедел қызметкерлер арнайы білімдерді игеретін адамдарға жүгінеді.

Сот-сараптамасы тергеу мен сот қарамағында жаңа ақпарат дәлелдемелік маңызы бар сот ісін жүргізуде үлкен маңызы болады².

Қазіргі кезде сот-эксперттік қызмет тәжірибеде сараптаманың алдына шешілетін тапсырманың аумағы кеңейуде, сонымен бірге сараптаманың жаңа түрлері қалыптасуда.

Ғалым-криминалисттер Р. С. Белкин, А. И. Винберг, А. Р. Шляхов, А. А. Эйсман тәжірибеде құқық қорғау органдарымен сот-сараптамасының заң ғылымдарымен арақатынасын, сонымен бірге заңды қалыптасуындағы теориялық және практикалық сұрақтарды ізденді. Сол кезде тергеулік және соттық тәжірибе ғылымның бір саласына жаңа сараптаманың түрін енгізу сұрақтарын шешуде болды. Сонымен, мысалы, соттық-биологиялық сараптама қанды тексергенде тек диагностикалық және классификациялық деңгейін шеше алатын еді, ал тергеу органдарына қызықтыратыны ол қан іздерімен жеке тұлғаның индификациялық теңдестіру шамалары. Осы сұрақтар сот-биологиялық сараптаманың шегінен шығып жаңа генотипоскопиялық сараптаманың шығуына себеп болды. Генотипоскопиялық тексеріс көбіне медициналық мақсатта өтті, сол практикалық және теориялық базасы біріктірілген. Ғылымның базалық дамуының деңгейі жаңа сараптаманың түрін енгізуге негіз болып отыр. Құқықтық нормаға сәйкес сараптамалық тексеріс өткізгенде тек қана дәлелденген арнайы ғылыми білімге жүгінуіміз керек. Құқық қорғау органдарының тәжірибедегі сұраныстары жаңа алған білімдерін қылмыстарды ашу мен тергеуде қолдана білуін, ал арнайы білімдерді қолдану одан ары күшейте түсті³.

Мұрагерлік пен тұқым қуалаушылық туралы заңдар ғылымы медициналық біріктіру бағыты өзінің қылмыстарды ашу мен тергеуде қолданып, көптен күткен практикалық шешімдерін береді.

Сот-сараптамасының сапалы да жаңа саласы, бірақ ол ғылымның бастапқы базасы оның тәуелсіз және әрдайым эмпиризмдік құжаттармен расталып, тәжірибеде өзінің қолданылуын көрсетті.

¹ Криминалистика: Учебн. / Отв.ред. Б. М. Нургалиев — Караганда, 2009.

² Бычкова С. Ф., Бычкова Е. С., Калимова А. С. Судебная экспертиология: Курс лекций. — Алматы, 2005.

³ Криминалистика: Учебн. / Под ред А. Г. Филиппова. 3-е изд., перераб. и доп. — М., 2004.